


ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ · НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ · SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(8)2024



## МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ПАЛЕОЛИТ ДӘУІРІНІҢ ТАС ҚҰРАЛДАРЫ (НУКЛЕУС)

*Н.Ә. Тугелбай*

Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи өлкетану музейі (Қазақстан)

**Андатпа.** Мақала Маңғыстау облысы аумағындағы палеолит дәуіріне жататын тас құралдарға (нуклеустерге) арналған. Олардың көпшілігі облыстық тарихи өлкетану музейінің қорында сақтаулы. Автор археологиялық зерттеулердің барысында табылған нуклеустардың Маңғыстаудың орта және кейінгі палеолит дәуірлеріне жататыны туралы болжам айтады. Шебір тұрағынан табылып, музей коллекциясына берілген бес мыңнан аса нуклеустердің ортақ ерекшелігі – сопақ формасында келуі. Бұл еңбек құралдарының қолданыс аясының кеңдігі тобырлық адам санасының деңгейінің көрінісі деуге болады. Маңғыстау облысының географиялық орналасуына байланысты табиғат ерекшелігі тарихи-археологиялық ескерткіштердің көп жағдайда жақсы сақталуына үлкен әсер еткен. Маңғыстауда тас дәуіріне тиесілі нуклеустердің табылуы үлкен археологиялық олжа болғанымен, олардың зерттелу деңгейі әлі төмен. Облыс территориясындағы көне тас дәуірі артефактілерінің зерттелу дәрежесі орта, кейінгі тас дәуірлеріне қарағанда өте төмен деуге болады. Дегенмен бұл жағдай Маңғыстау жерін мекендеген адамдар тобырының пайда болу тарихы тас дәуірінен бастау алмайды деген сөз емес. Керісінше, орта және кейінгі тас дәуірлерін тереңірек зерттеп, оған дейін де тіршілік белгілері болған ежелгі тас дәуіріне деген қызығушылыққа ынталандырады.

Өткен ғасырдың 60-жылдары табылған нуклеустарды КСРО кезіндегі геологиялық зерттеу экспедициялары жинақтаған. Бұл материалдар болашақта барлық жиналған ақпаратты қамтитын зерттеу жобаларын жүзеге асыруға, талдаулар жасауға, оларды толықтыруға және түзетуге мүмкіндік береді. Табылған нуклеустардың көп мөлшерде болуы «Маңғыстау жерін мекен еткен адамдар тобыры 1 млн. жыл бұрын пайда болды» деген тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Ғылыми мақаланың зерттеу объектісі ретінде Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи өлкетану музейі коллекциясында сақтаулы тұрған нуклеустар алынды. Зерттеу әдістері ретінде фото және графикалық фиксация жұмыстары, жазба деректерге байланысты салыстырмалы-тарихи әдіснамасы, ескерткіштерді есепке алу және тіркеу әдістері пайдаланылды.

**Тірек сөздер:** Маңғыстау, тас дәуірі, тарих, археология, палеолит, нуклеус, экспедиция, Үстірт, Шақпақ-ата, геология, қару-жарақ.

**Сілтеме жасау үшін:** Тугелбай Н.Ә. Маңғыстаудағы палеолит дәуірінің тас құралдары (нуклеус) // MUSEUM.KZ. 2024. №4 (8), 16-21 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.08.02

## КАМЕННЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ (НУКЛЕУСЫ) ЭПОХИ ПАЛЕОЛИТА В МАНГЫСТАУ

*Н.А. Тугелбай*

Мангистауский областной исторический музей имени Абиша Кекилбайұлы (Казахстан)

**Аннотация.** Статья посвящена палеолитическим каменным орудиям (нуклеусам) Мангистауской области. Многие из них находятся на хранении в фондах областного историко-краеведческого музея. Автор высказывает предположение, что найденные в ходе археологических исследований нуклеусы относятся к среднему и позднему палеолиту Мангистау. Общая особенность, найденных на стоянке Шебир и переданных в коллекцию музея, более пяти тысяч нуклеусов – овальная форма. Ширина сферы применения данного орудия труда говорит, что оно является отражением уровня сознания человека. Благодаря



географическому положению Мангистауской области, природная особенность в большинстве случаев оказывает большое влияние на хорошую сохранность историко-археологических памятников. Можно сказать, что степень изученности палеолитических артефактов на территории региона значительно ниже, чем среднего и позднего каменного века. Однако такая ситуация не означает, что история населения Мангистау не может быть прослежена до каменного века. Напротив, более глубокое изучение среднего и позднего каменного века стимулирует интерес к палеолиту, где признаки жизни были и раньше. Несмотря на то, что нахождение палеолитических нуклеусов в Мангистау является большой археологической удачей, степень их изученности остается низкой.

Найденные в 60-х годах прошлого века нуклеусы были собраны геологическими исследовательскими экспедициями во время СССР. Эти материалы позволят в будущем реализовывать исследовательские проекты, охватывающие всю собранную информацию, их анализировать, дополнять и корректировать. Большое количество найденных нуклеусов дает возможность предположить, что «В Мангистау первобытные люди появились 1 млн. лет назад».

**Материалы и методы исследования.** В качестве объекта исследования научной статьи были взяты каменные орудия труда (нуклеусы), хранящиеся в коллекции Мангистауского областного историко-краеведческого музея имени А. Кекилбайулы. В качестве методов исследования использовались фото и графические фиксационные работы, сравнительно-историческая методика, связанная с письменными источниками, методы фиксации и регистрации памятников.

**Ключевые слова:** Мангистау, каменный век, история, археология, палеолит, нуклеус, экспедиция, Устюрт, Шакпак-ата, геология, вооружение

**Для цитирования:** Тугелбай Н.А. Каменные инструменты (нуклеусы) эпохи палеолита в Мангыстау // MUSEUM.KZ. 2024. №4 (8), с. 16-21. DOI 10.59103/muzkz.2024.08.02

## STONE TOOLS (NUCLEUS) OF THE PALEOLITHIC ERA IN MANGYSTAU

*N.A. Tugelbay*

Mangistau Regional Historical Museum named after Abish Kekilbaiuly (Kazakhstan)

**Abstract.** The article is devoted to the Paleolithic stone tools (nucleus) of the Mangistau region. Many of them are stored in the funds of the regional history and local history museum. The author suggests that the nuclei found during archaeological research belong to the middle and late Paleolithic of Mangistau. The common feature of more than five thousand nuclei found at the Shebir site and transferred to the museum collection is an oval shape. The breadth of the scope of application of this tool suggests that it is a reflection of the level of human consciousness. Due to the geographical location of the Mangistau region, natural features in most cases have a great impact on the good preservation of historical and archaeological monuments. It can be said that the degree of study of Paleolithic artifacts in the region is significantly lower than the Middle and Late Stone Age. However, this situation does not mean that the history of the population of Mangistau cannot be traced back to the Stone Age. On the contrary, a deeper study of the Middle and Late Stone Age stimulates interest in the Paleolithic, where signs of life were earlier. Despite the fact that the discovery of Paleolithic cores in Mangistau is a great archaeological success, the degree of their study remains low.

The cores found in the 60s of the last century were collected by geological research expeditions during the USSR. These materials will allow in the future to implement research projects covering all the collected information, to analyze them, supplement and correct them. The large number of cores found makes it possible to assume that "primitive people appeared in Mangistau 1 million years ago."

**Materials and methods of research.** Stone tools (cores) stored in the collection of the Mangistau Regional Museum of History and Local Lore named after Abish Kekilbayuly were taken as the object of study for the scientific article. The research methods used were photographs and graphic recordings, comparative historical methods associated with written sources, methods of recording and registering monuments.

**Keywords:** Mangistau, Stone Age, history, archeology, Paleolithic, core, expedition, Ustyurt, Shakpak-ata, geology, weapons.

**For citation:** Tugelbay N.A. Stone tools (nucleus) of the paleolithic era in Mangystau // MUSEUM.KZ. 2024. №4 (8), pp. 16-21. DOI 10.59103/muzkz.2024.08.02

**Кіріспе.** Маңғыстау облысының географиялық орналасуына байланысты табиғат ерекшелігі тарихи-археологиялық ескерткіштердің көп жағдайда жақсы сақталуына үлкен әсер еткен. Сол себепті де бүгінгі таңда ежелгі мәдениеттер мен өркениеттердің нақты болғанын табылған бай мұраларға қарап нақты анықтай аламыз. Оған қоса облыста соңғы жылдары іске асырылып жатқан археологиялық зерттеулер елдің археологиялық тарихына үлкен үлестерін қосуда. Археологиялық экспедициялар арқылы табылған түрлі тарихи кезеңдерге жататын деректер мен артефактілер негізінде Маңғыстау облысын мекендеген адамдардың тіршілігі, әдет-ғұрпы, өмір салты жөнінде көптеген қызықты болжамдар жасауға болады. Ғылыми мақаланың зерттеу объектісі ретінде Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи өлкетану музейі коллекциясында сақтаулы тұрған нуклеустар алынды. Зерттеу әдістері ретінде фото және графикалық фиксация жұмыстары, салыстырмалы-тарихи, ескерткіштерді есепке алу және тіркеу әдістері пайдаланылды.

**Талқылау.** 1960 жылдары Маңғыстау территориясында табылған ежелгі тас дәуіріне жататын нуклеустар, Маңғыстау облыстық тарихи өлкетану музейінің қорына сақтауға берілген. Музей қорындағы палеолит дәуірінің тас құралдарына жататын осы артефактілерге жүргізген фото және графикалық фиксация жұмыстары барысында және музейдегі мәліметтерге, археологиялық зерттеулер есептеріне, табылған басқа да тас құралдарға сүйене отырып талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде ежелгі тас дәуірінде адамдардың Маңғыстау түбегі мен Үстірт жазығын көбірек мекен еткенін нақты айтуға болады. Тас құралдардың табылу аймағы өмір сүруге өте қолайлы. Яғни ежелгі адамдар топталып өзен-көл, суы мол жерлердің маңайында қоныстануды жөн көрген. Бұл біріншіден, олардың тіршілік көзіне жақын өмір сүруі ежелгі тас дәуіріндегі адамдардың ойлау қабілетінің деңгейін көрсетсе, екіншіден соның негізінде саналы түрде әрекет еткенін түсінеміз. Маңғыстау түбегі мен Үстірт жазығына орналасуы фактісі ежелгі тас дәуірі адамдарының салыстыра білу қабілеті, талдау дағдысы болғанын көрсетеді деген пікірдеміз.

Маңғыстаудың көне тас дәуірінің зерттелу дәрежесі орта, кейінгі тас дәуірлеріне қарағанда өте төмен. Алайда бұл Маңғыстау жерін мекен еткен адамдар тобырының пайда болу тарихы тас дәуірінен бастау алмайды деген сөз емес. Керісінше, орта және кейінгі тас дәуірлерін тереңірек зерттеп, оған дейін де тіршілік белгілері болған ежелгі тас дәуіріне деген қызығушылыққа ынталандырады. Оған дәлел ретінде геолог А.Г. Медоев жүргізген экспедицияны алайық. Геологтың зерттеу экспедициясы Сарытас, Өңежек, Шақпақ ата жерлерінде болып, тас дәуіріне жататын көптеген құралдарды тапқан. Өткен ғасырдың 60-жылдары жүргізілген зерттеу экспедициясының нәтижесінде табылған нуклеустарға анализ жасау арқылы алғашқы адамдар «Маңғыстау жерін мекен еткен адамдар тобыры 1 млн. жыл бұрын пайда болды» деген тұжырымдама жасаған. Яғни, тас құралдарының анализіне сәйкес, облыс аумағындағы өркениет белгілерінің 1 млн.жылдық тарихы бар сөз.

«XX ғасырдың 80-жылдарынан бері Маңғыстау археологтары зерттеуді мезолит кезеңіне жасап келеді» [Самашев, Көшербаев және т.б., 2007: 34]. Мезолит кезеңінде тас құралдарының жаңа технологиясымен қашау жұмыстары белең ала бастады, тіпті асқан шеберлікпен, зергерлікпен жасалды. Мезолит кезеңінде қолданысқа түрлі геометриялық



фигуралар формасындағы тастан жасалған қару-жарақтар енген болатын. Соның ішінде трапециялар, үш бұрышты, тік бұрышты, параллелограмма, бұрғылауға арналған, шапқыш құралдар кездеседі.

Сол кезеңдегі адамдар оны нуклеус, пренкулес арқылы жасаған. «Нуклеус латын тілінен аударғанда «өзекше» арқылы жасаған. Нуклеус бұл қару жарақ жасау үшін қолданылған тастар арнайы тастар» [Bilyalova, Yarygin and others, 2014: 94]. Яғни, бұл тастардың күнделікте өмірдегі қолданыс аясы өте кең болған. Тіпті онымен жемтігін аулауға, күнделікті тұрмыстағы шаруаларды да жасай алғандығы байқалады. Ғалымдардың арасында бұл тас құрылғының қалай жасалғаны туралы деректер жоқ. Шын мәнінде бұларды қалай жасағаны белгісіз.

Бұндай артефактілер Маңғыстаудың Қызылсу 1 тұрағында кездеседі. Археологтардың пайымдауы бойынша тас құралдарын жетілуі технологиясын б.з. 10-8 мың жыл бұрын басталған деп болжайды. Аталған объектіден табылған нуклеустардың көптігі сол кезеңдерде ақ тері өңдеу кәсібінің кең көлемде тарағанына дәлел. Сол себепті де өлкемізді қоныстанған адамдар тобырының басты кәсібі аңшылық пен терімшілік екенін аңғарамыз. Ал кейінірек бұл құралдар жылдар өтуімен жетіле түсті. Нақтырақ айтқанда «8 және 6 мыңжылдықта, Бозашы түбегі, Қарақия ойпаты, Түйесу, Қарынжарық және Сам құмдарынан табылған артефактілерге қарай отырып аңғара аламыз.» [Самашев, Көшербаев және т.б., 2007: 38]. Ал мезолит тұрағы бойынша ең көп табылған артефактілер Шебір тұрағына тиесілі. Шебір тұрағының өзінен ғана табылған 5000-нан астам тас құралдары бар екен. Табылған құралдардың басым көпшілігі шақпақ тастан жасалған. Көбінің пішіні - сопақша. Бұл тастар қазіргі таңда Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи өлкетану музейінде сақтаулы. Осы орайда музей қорындағы мезолиттік тас құралдарын назарларыңызға ұсынамын.



Сурет 1, 2;

Бұл құралдар шақпақ тастан жасалған. Облыстық музей қорына бастапқы жарамды күйде түсті.

Қарапайым, бірақ қолданыс аясы өте кең бұл өзектастардың адамның даму сатысындағы маңызы орасан зор. Қолданыс аясының кеңдігі тас дәуіріндегі адамдардың даму сатысынан, отбасылық жағдайларынан хабар береді. Тас құралдарының көптеп табылуы аймақтағы тас дәуірі зерттеулерін кешенді түрде зерделеуге ықпал етеді деген ойдамыз. Себебі орта және кейінгі тас дәуіріне жататын басқа да өзектастардың айырмашылығы адам баласының санасының дамуын да көрсетеді. Музей қорындағы

деректерді талдау арқылы тұтас тас дәуірінің ықтимал картасын жасауға, одан әрі көршілес территорияларда табылған артефактілермен байланыстыра отырып, таралу аймағын анықтауға болады. Бұл кешенді зерттеулер болашақта жүзеге асып қалуы әбден мүмкін.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, Маңғыстаудың тас дәуірінің көптеген деректері болса да жүйелілік пен бірізділік жоғы байқалады. Жаңа зерттеулер мен заманауи талдау жолдарын атсалыстыра отырып, облыстағы қолда бар деректерді археология ғылымы негізінде тереңінен реттестіру, кешенді зерттеу, деректерді ортақ арнаға тоғыстырып, уақыттарын анықтау мәселесі туындап отыр.

### ӘДЕБИЕТ

*Самашев З., Көшербаев Қ., Аманишаев Е., Астафьев А.* Үстірт пен Маңғыстау қазыналары. // Алматы: Археология, 2007. 399 б.

*Bilyalova G., Yarygin S., Minardi M., Bonora G.L.* (in collaboration with M. Khabdulina, A. Sviridov and D. Tleugabulov) Multilingual Dictionary of Archaeological Terms (Kazakh-Russian-English-Italian), Two Volumes, «L.N. Gumilev» ENU, Astana, 2014. P. 94.

### REFERENCES

*Samashev Z., Kósherbaev Q., Amanshaev E., Astafev A.* Ústirt pen Mañqystaý qazynalary. // Almaty: Arheologia, 2007. 399 p.

*Bilálova G., Iarygin S., Minardi M., Bonora G.L.* (M. Habdýlina, A. Sviridov jáne D. Tileýgabulovpen birlesip jazǵan) arheologialyq terminderdiń kóptildi sózdigi (Qazaq-Orys-Aýylshyn-Italán), eki tomduq, L. N. Gýmilev atyndaǵy EUÝ, Astana, 2014. P. 94.

**Автор туралы мәлімет:** Түгелбай Нұрбек Әбдіғалиұлы – Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи өлке тану музейінің ғылыми қызметкері (Ақтау, 19А шағын ауданы, 3/1 ғимараты, Қазақстан), E-mail: nurbek.10.28@mail.ru

**Сведения об авторе:** Тугелбай Нурбек Абдигалиевич – научный сотрудник Мангистауского областного историко-краеведческого музея имени Абиша Кекилбайұлы (Ақтау, микрорайон 19а, здание 3/1, Казахстан), E-mail: nurbek.10.28@mail.ru

**Information about the author:** Nurbek A. Tugelbai – researcher at the Mangystau Regional Museum of Local Lore named after Abish Kekilbayuly (Aktau, microdistrict 19a, building 3/1, Kazakhstan), E-mail: nurbek.10.28@mail.ru

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 15.10.2024.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 06.11.2024.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 11.12.2024.*